

Жұлдыз

Ұмытқам жоқ әлі мен,
Бүгінгідей есімде:
Шыққаным сыртқа әжеммен
Жаздың бір жайлы кешінде

Көргем сонда көп жұлдыз
Ашық аспан төрінен,
Қыңқылдағам әжеме
«Алып бер» деп оны мен.

Әжем байғұс қыйналып,
Деген маған: «Қой, балам,
Жұлдыз — тәңір шырағы,
Қол жеткізбес ол саған».

Содан бері арада
Өтті зырлап талай жыл;
Өлке өзге түрге еніп,
Жаңаланды ой мен қыр.

Әжем қанша жұлдызды
Қол жетпейді десе де,
Біз оны әкеп орнаттық.
Кеңсеге, үйге, көшеге.

Бүркіт ЫСҚАҚОВ.

Социалистік Қазақстан. - 1949. -
10 май (№ 90). - 4 б.